

"Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 1048 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 қазанда № 21526 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 14613 болып тіркелген, 2017 жылғы 17 қантарда Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде № 14613 болып жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

104-1 тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"II бөлім "Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-сынан төлемдер" Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-сынан жүргізілген төлемдердің сомасын көрсетеді.";

13-1 қосымша қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А.Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлік

2020 жылғы 27 қазаны

№ 1048 Бұйрыққа

қосымша

Мемлекеттік мекемелердің,
бюджеттік бағдарламалар
әкімшілерінің, бюджетті атқару
жөніндегі уәкілетті органдардың

және аудандық маңызы бар
қалалар, ауылдар, кенттер,
ауылдық округтер әкімдері
аппараттарының бюджеттік
есептілікті жасау және ұсыну

қағидаларына

13-1-қосымша

**жылға арналған Жәбірленушілерге өтемақы
қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп**

Мерзімділігі: айлық, жылдық

Өлшем бірлігі: мың теңге

Атауы	Үдемелі қорытындымен есепті кезең үшін атқарылу
1	2
I. Кірістер	
Салықтық емес түсімдер, барлығы Оның ішінде түсімдер коды бойынша:	
II. Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-сынан төлемдер	
III. Кірістер мен төлемдер сальдосы	
IV. Қаржы жылының басындағы Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы	\
V. Есепті кезеңнің аяғындағы Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы	

Ведомствоның басшысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Мөр орны

Деректерді қалыптастыруға жауапты,
ведомствоның құрылымдық бөлімшесінің
басшысы _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК